«Бекітемін»
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрлігі
«Ұлттық тестілеу орталығы» РМҚК
директоры
_____ Р. Т. Емелбаев
“05” 08 2022 ж.

Білім алушылардың
білім жетістіктерінің мониторингіне арналған оқу сауаттылығы
бойынша тест спецификациясы
(4-сынып)

1. Тест мақсаты: білім алушылардың білім сапасын бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес бағалау.

2. Тест міндеттері оқушылардың функционалдық сауаттылық бойынша дағдыларын оқылым іс-әрекеті арқылы бағалау.

3. Тест мазмұны

Оқу сауаттылығы бойынша тест мазмұнына оқыту мақсаттарына сәйкес әдебиеттік оқу тақырыптары енгізілген.

№	Тақырып	Оқу мақсаттары
1.	Менің Отаным – Қазақстан	4.1.4.1 сөйлеу барысында мақал-мәтелдерді, өлең жолдарын, нақыл сөздерді, шешендік сөздерді және вербалды емес тілдік құралдарды қолдану; 4.2.3.1 шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу; 4.2.4.1 аңыз, шешендік сөз, батырлар жыры, фантастикалық әңгімелердің жанрлық ерекшеліктерін анықтау; 4.2.5.1 шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау; 4.2.6.1 шығармадан әдеби көркемдегіш құралдарды (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу және оларды қолдану; 4.2.7.1 кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау; 4.2.8.1 түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу, тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету; 4.3.1.1 оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып, жоспар құру.
2.	Құндылықтар	
3.	Мәдени мұра	
4.	Мамандықтар әлемі	
5.	Табиғат құбылыстары	
6.	Қоршаған ортаны қорғау	

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы

Тест екі мәтіннен және мәтінге берілген тест тапсырмаларын орындау бойынша нұсқаулықтан тұрады.

Бірінші мәтін өздігінен оқу негізі мен ақпараттың мазмұнын түсінуді бағалауға арналған 4 тест тапсырмасынан тұрады. Мәтіндегі сөздердің көлемі 130 сөзден аспайды.

Екінші мәтін 6 тест тапсырмасынан тұрады. Мәтіндегі сөз саны – 180 сөзден аспайды. Тест тапсырмалары мәтін мазмұны бойынша жұмыс жасауға бағытталған.

Оқу сауаттылығы бойынша тест 10 тапсырмадан тұрады:

қолдануға арналған 3 тест тапсырмасы мәтіннен ақпаратты таба алуға, мәтіннің формасы мен тілінің кейбір ерекшеліктерін қолдана отырып, оның негізінде қорытынды жасай білуге бағытталған;

анализге арналған 5 тест тапсырмасы мәтіннен ақпаратты оқи алуға, мәтіннен ақпаратты таба алуға, мәтіннің формасы мен тілінің кейбір ерекшеліктерін қолдана отырып, оның негізінде қорытынды жасай білуге негізделген;

синтезге арналған 2 тест тапсырмасы мәтіндегі хабарламаларды түсінуге, мәтінге сүйене отырып өзінің тұжырымын жасауға, тесттің формасы мен мазмұнын бағалауға, мәтіндегі кейбір тілдік ерекшеліктерді түсіне білуге бағытталған. Тест тапсырмалары қиындық деңгейінің өсу ретімен, яғни, қарапайымнан күрделіге дейін және одан да күрделі реттілік бойынша орналасқан.

5. Тест тапсырмаларының қиындығы

Тест тапсырмаларының қиындығы үш деңгейде беріледі: базалық деңгей –30%; орташа деңгей – 50%; жоғары деңгей – 20%.

Базалық деңгей: мәтіннен нақты сипатталған бөлшекті табу және анықтау.

Орташа деңгей: әңгіме, ертегі, халық ауыз әдебиетінің шағын жанрдағы шығармаларының ерекшеліктерін анықтау; кейіпкердің сыртқы түрін сипаттау, оның іс-әрекеттерін бағалау, олардың рөлдерін салыстыру, бейнелеу; сюжетін сипаттау, даму процесінде пейзаждың, кейіпкердің іс-әрекеттерінің өзгеруін ажырату; көркем шығарманың эпизодын суретте көрсетілуімен салыстыру.

Жоғары деңгей: мәтіннің тақырыбы мен негізгі ой-өрісін анықтау; мәтіннің әр бөлігінде жасырылған бөліктерін табу және анықтау; оқиғалар арасындағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері, ниеттері мен сезімдері арасындағы байланысты түсіндіру үшін мәтіннің әр бөлігінде астарлы тұжырымды негіздеу; мәтін мазмұнын түсіну үшін тарихи оқиғалар мен кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің мағынасын бағалау; кейбір тілдік сипаттамалардың мағынасын түсіну.

6. Тест тапсырмаларының формасы

Бір дұрыс жауапты жабық формадағы тест тапсырмасы.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты

Бір тест тапсырмасын орындауға орташа 2 минут, жалпы тестті орындауға 20 минут уақыт беріледі.

8. Тесттің орындалуын бағалау

Оқушы әрбір дұрыс жауап берген тест тапсырмасы үшін 1 балл, барлық тестті дұрыс орындаған жағдайда – 10 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер

Әртүрлі дереккөздерді пайдалана отырып, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай белгілі авторлардың шығармалары.